

Байжұманова А.М.,
Ергозова Ж.Д.

**Тұрақты конституциялық даму
– өркениетті Қазақстанның
болашағы**

Bayjumanova A.M.,
Ergozova Zh.D.

**The future of the civilized
Kazakhstan – Sustainable
development the constitutional**

Байжұманова А.М.,
Ергозова Ж.Д.

**Будущее цивилизованного
Казахстана – устойчивое
конституциональное развитие**

Бұл мақалада тәуелсіз Қазақстанның конституциялық-құқықтық негіздері, сондай-ақ конституциялық дамуы және оны жетілдіру мәселелері мен жолдары қарастырылған. Сондықтан, Қазақстанның негізгі заңының нормаларының жүзеге асырылуының теориялық мәселелері анықталған.

Түйін сөздер: Конституция, тәуелсіздік, конституциялық норма, конституциялық даму, өркениет.

The article deals with the constitutional and legal bases of independent Kazakhstan, as well as konstituionnoe development and problems of their perfection. Therefore, raised theoretical problems of implementation of the norms of the basic law of Kazakhstan.

Key words: Constitution, independence, constitutional norms, constitutional development, civilization.

В статье рассматривается конституционно-правовые основы независимого Казахстана, а также конституционное развитие и проблемы их совершенствования. Поэтому поднимаются теоретические проблемы реализации норм основного закона Казахстана.

Ключевые слова: Конституция, независимость, конституционные нормы, конституционное развитие, цивилизация.

**ТҰРАҚТЫ
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ
ДАМУ – ӨРКЕНИЕТТІ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ
БОЛАШАҒЫ**

Өзінің 1992 жылы Дүниежүзі қазақтарының алғашқы құрылтайында сөйлеген сөзінде Елбасы Н. Назарбаев: «Қазақ халқының тарихы, кейбіреулер айтып жүргендей, кешегі қазақ хандығы шаңырақ көтерген XV ғасырдан басталмайды. Хандықтың құрылуы бір басқа, бүгінгі қазақ халқы – сонау есте жоқ ескі замандардан-ақ тұлпарларының тұяғымен дүниені дүр сілкіндірген көне сақтардың, ежелгі ғұндардың, байырғы түріктердің ұрпағы, үлкен үйдің қара шаңырағын ата жұртта сақтап қалған халық» – деп айтқаны ақиқат [1, 55 б.].

Қазақ халқын құрайтын түрлі ру-тайпалардың сан ғасырлық тұрмыс-тіршілігін реттеп келген әдет-ғұрып нормаларының «Қасым ханның қасқа жолы сияқты» бір жүйеге келтірілуі өз кезегінде бір орталыққа біріккен мемлекеттілік орнауының жемісі, нағыз саяси билік қызметінің нәтижесі деп айтуымызға толық негіз бар. Осылайша, қазақтардың әдет-ғұрып құқығының нормалары «Жол» деген атпен тарихта мәңгі сақталып қалды.

XX ғасырдың басындағы Алаш арыстарының тәуелсіздікке талпынысы талмас саяси-құқықтық бастамалар мен әрекеттерге толы болды. Нәтижесінде, олар салған даңғыл жол қанша қазақтың баласына күш-қуат пен биік рух берді. Ақыры 1991 жылы еліміз қазақтың бірнеше ұрпақтарының ұмтылған азаттығына қол жеткізді.

Бүгінгі тақырып аясында айтар болсақ, заңгер ғалымдар ортасында Қазақ елінің 20-ғасырдағы конституциялық даму тарихын бірнеше кезеңдерге бөлу үрдісі бар. Мысалы белгілі заңгер ғалым А.К. Котов Қазақстанның Конституциялық даму жолын мынадай кезеңдерге бөледі:

1. Кеңес дәуіріне дейінгі (1900-1917 жж. ұлттық демократиялық идеялардың Алаш конституциясының жобасына ұласуы);
2. Кеңес дәуірі (20-шы жылдар мен 80-ші жылдардың аяғы);
3. Кеңес дәуірінің аяқталуы (80-ші жылдар мен 1990 жылдардың аралығы);
4. Кеңес дәуірінен кейінгі (1991-1993 жылдар);
5. Қазақстан дамуының алғашқы сатысы (1993 жылдың қарашасынан бастап) [2, 42 б.].

Бұл орайда, профессор Ф.С. Сапарғалиев Қазақстан Республикасының конституциялық заңнамасының дамуын әрқайсының мазмұны мен ерекшеліктерін аша отырып төрт кезеңге

бөледі. «Бірінші кезең «Қазақ КСР Президенті қызметін тағайындау және Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі Заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңын қабылдаудан басталады. 1990 жыл 25 қазандағы Қазақ КСР мемлекеттік егемендігі туралы Декларация осы кезеңнің конституциялық сипаттағы маңызды актісі болып табылады.

Екінші кезең Қазақстан Республикасы 1991 жылғы 10 желтоқсанда қабылданған «Қазақ Кеңестік Социалистік Республиканың атауын өзгерту туралы» Заңнан басталады.

Үшінші кезең Жоғарғы Кеңестің 1993 жылғы қаңтарда жаңа Конституцияны қабылдауынан басталады.

Төртінші кезең 1995 жылы қабылданған Конституциямен байланысты. Бұл кезең одан әрі жалғасуда», – деп көрсетеді ғалым Ғ.С. Сапарғалиев [3, 58-64 б.].

Осы орайда, М.Т. Баймаханов конституциялық заңнаманың даму кезеңдеріне қатысты Ғ.С. Сапарғалиевтікінен өзгеше келесідей пікір білдіреді: «екінші кезеңнің басталуын 10.12.1991 жылғы Заңның («Қазақ Кеңестік Социалистік Республиканың атауын өзгерту туралы») қабылдануымен емес, 16.12.1991 жылғы конституциялық заңның («Мемлекеттік тәуелсіздік туралы») қабылдануымен байланыстырған дұрыс болады, себебі оның енгізген өзгерістеріне ештеңе тең келмейді: бұл заңдардың біріншісі республика атауының ауысқаны туралы айтса, екіншісі – Қазақстан Республикасына тәуелсіз, егемен мемлекет сипатын бере отырып, еліміздің мәртебесін түбегейлі түрде өзгертті» [4, 104 б.].

Бұл жерде тәуелсіз Қазақстанның конституциялық дамуының алғышарттары мен одан кейінгі тарихи оқиғаларға кеңінен тоқталғанды жөн көріп отырмын. Сондай-ақ бұл кезеңнің өзін бірнеше кезеңге бөліп қарастыратын боламыз.

Қазақстанның жаңа конституциялық заңнамасының қалыптасу тарихы Қазақ КСР Конституциясына Қазақ КСР-нің 1990 жылғы 24 сәуіріндегі «Президент лауазымын енгізу» туралы заңымен өзгеріс енгізуден бастау алады. Бұл заң мемлекетті басқару жүйесіне айтарлықтай өзгерістер енгізді. Президент лауазымы Қазақстан Республикасындағы терең саяси және экономикалық реформаларды қамтамасыз ету және конституциялық құрылымды нығайту мақсатында енгізілген еді. Конституциялық дамудың алғашқы кезеңінің аса маңызды қадамы 1990 жылғы 25 қазанда қабылданған «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы

Декларациясы» болды. Бұл Декларация нормативті-құқықтық сипатқа ие болғанын айта кету керек. Декларацияда алғашқы рет Қазақ КСР-і КСРО-ның басқа да республикаларымен ерікті түрде біріге отырып, олармен келісім-шарт арқылы өзара байланыс орнататындығы жарияланды. Мысалы 1937 жылғы Конституцияда Қазақ КСР-і КСРО-ның басқа да тең құқылы республикаларымен ерікті түрде бірікті делінсе, Қазақ КСР-нің 1978 жылғы конституциясында Қазақ КСР-і КСРО құрамындағы теңқұқылы республика болып табылады делінген болатын. Ал Декларацияда Қазақстанның егемендігі ғана емес сондай-ақ, Одақ республикалары арасындағы келісім-шарттық қатынастың қажет екендігі туралы конституциялық идея жарияланды. Сонымен қатар, Декларацияда алғашқы рет ұлттық мемлекеттілік туралы да мәлімделді. Ол жерде «Қазақ КСР-і ұлттық мемлекеттілікті қорғау және оны нығайту бойынша шаралар қабылдайды» делінді [5, 25 б.].

Декларация Қазақ КСР-дегі бұрын буржуазиялық саяси институт деп қабылданбай келген биліктің бөліну принципі орын алған алғашқы құқықтық акт болған еді. Қазақ КСР-нің 1978 жылғы Конституциясы Жоғарғы Кеңестің толық билікке ие екендігін бекіткенмен, бұл органның толықтай билікке ие болмағандығы жалпыға мәлім. Декларацияға сәйкес заң шығару билігі Жоғарғы кеңеске берілді. Президент жоғарғы нұсқаулық-атқарушы билікке ие болды, яғни Президентке атқарушы билік бағынды. Жоғарғы сот билігі Жоғарғы сот қарамағында болды.

Декларацияда Қазақ КСР-інде бұрын болмаған суверенді құқық бекітілді. Яғни Республиканың Конституциясын және суверенді құқығын бұзатын Одақтың заңдары мен жоғарғы органдардың басқа да актілерінің күшін өз территориясында тоқтатуға құқық алды. Сондай-ақ Қазақ КСР-і өз территориясында орналасқан барлық табиғи ресурстар, барша экономикалық және ғылыми-техникалық әлеует қатаң түрде Республика меншігі екендігі жария етілді. Яғни Қазақстан экономикасы Одақтың бірыңғай халықшаруашылық кешенінен бөліне бастағанын білдірді.

Бұл Декларацияда мемлекеттің әлеуметтік негізін анықтауда таптық анықтаушықа орын болмады. Қазақ КСР-нің Конституциясында болған «жұмысшы», «шаруа», «интеллигенция» ұғымдары алынып тасталды. Ендігі жерде мемлекеттік биліктің негізі халық деп жарияланды. Бұл ереже кейін қабылданған қос конститу-

цияда да бекітілгендігін айта кету керек. Белгілі заңгер ғалым Ғ. Сапарғалиевтің жетекшілігімен дайындалған ҚР Конституциясына берілген түсініктемеде Қазақстан халқын мемлекеттік биліктің бірден бір бастауы деп тануына мынадай түсініктеме береді. «Біріншіден мемлекеттің және оның басқару органдарының халықтың еркі бойынша қалыптасатындығын білдірді. Президентті, Парламентке депутаттарды халықтың өзі сайлайды, осылайша мемлекеттің жоғарғы заң шығарушы органы Парламентті және жергілікті өкілді органдарды құрады және қалыптастырады. Екіншіден, қалыптасушы, дамушы ұлттық құқықтың негізінде Қазақстан халқының мемлекеттендірілген еркі жататындығын білдіреді. Республикалық референдумда Конституцияны қабылдай отырып, халық тек мемлекеттік құрылым нысандарына, басқару, мемлекеттік биліктің жоғары және жергілікті органдары нысандарына қатысты еркін ғана білдіріп қоймайды. Халық сонымен бірге қоғамның экономикалық құрылымдарына, олардың құрылу және қызмет ету принциптеріне қатысты еріктерін де білдіреді. Конституцияда қоғамдық қатынастарды құқықтық жағынан реттеудің басты қырлары айқындалған. Демек, Конституцияны қабылдай отырып, Қазақстан халқы қалыптасушы ұлттық құқықтың негізін қалады».

Сонымен қатар Декларацияға сәйкес, Қазақ КСР-і халықаралық қатынастардың өз алдына субъектісі болу құқы болды. 1978 жылғы КСРО және Қазақ КСР-нің конституциялары бойынша Қазақстан халықаралық қатынастардың өз алдына бөлек субъектісі болған жоқ. Қазақ КСР-нің сыртқы істер министрлігі болғанымен, ол халықаралық аренада қарым-қатынас орнатып, келісім-шарттар жасасқан жоқ. Қазақ КСР-нің Конституциясының 28-ші бабына сай, Республика сыртқы саяси әрекетінде КСРО Конституциясында анықталған сыртқы саясаттағы мақсат-міндеттерді және принциптерді басшылыққа алады деп көрсетілді [6].

Осылайша Қазақстанда тәуелсіздікті жариялаудан бір жылдан аса уақыт бұрын КСРО Конституциясының негізгі нормаларының әрекетін тоқтатып, тәуелсіз дамудың бастамасы болған конституциялық сипаттағы актілер қабылданды. Сондай-ақ Қазақ КСР-нің 1978 жылғы Конституциясына айтарлықтай өзгерістер енгізген бірқатар заңдар қабылданды.

Конституциялық заңнаманың қалыптасуының келесі кезеңі «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы атауын өзгерту туралы» заңының қабылдануынан бастау алды. Аталған заң конс-

титудиялық деп аталмаса да ол нақты алғанда конституциялық сипатқа ие болды. Өйткені ол Қазақ КСР-нің Конституциясына және мемлекеттік суверенитет туралы Декларацияға өзгерістер енгізді.

1991 жылғы 16 желтоқсан күні ҚР-дың «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» Конституциялық заңы қабылданды. Аталған конституциялық заңда алғаш тәуелсіздік жария етілді, сондай-ақ тәуелсіз мемлекетке сай территориялық оқшаулығы, бірыңғай азаматтық, өзіндік мемлекеттік органдар жүйесі, өзіндік экономикалық жүйе, қарулы күштері сынды элементтер бекітілді. Осылайша Қазақстан әлемдік қауымдастыққа өз алдына мемлекет ретінде енді. Алайда Қазақстан Республикасының конституциялық дамуының алғашқы қадамдары Социалистік Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы жүргізілгендігін айта кету керек.

Конституциялық дамудың келесі кезеңі Жоғарғы кеңестің 1993 жылғы 28 қаңтарда жаңа Конституцияны қабылдаудан басталды. Бұл Қазақстанның мемлекеттік және қоғамдық құрылымын жаңаша анықтаған тарихи құқықтық акт болған еді. Әрине бұл Конституция Қазақстанның өз суверенитетін жариялаған сәттен бастап шыққан конституциялық заңдардың құқықтық нормаларын, принциптері мен идеяларын қамтыған болатын. Олардың қатарына халықтық суверенитет, мемлекеттің тәуелсіздігі, биліктің бөліну принципі, қазақ тілін мемлекеттік тіл деп тану, Президентті мемлекеттің және бірыңғай атқарушы билік жүйесінің, Жоғарғы, Конституциялық, Жоғарғы Арбитраждық соттың және Прокуратура органдарының басшысы ретінде таныды. Сондай-ақ жаңа Конституция Қазақ КСР-нің 1978 жылғы Конституциясының кейбір ережелерін де қамтыған еді. Мысалы Жоғарғы Кеңес бір палаталы өкілетті және заң шығару орган болып қала берді. Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясы бірқатар жаңа ережелерді де қамтыды. Мысалы, бұл Конституцияда «зайырлы» және «унитарлы» ұғымдары қолданылды. Мемлекеттің зайырлы сипатта болуы діни бірлестіктердің мемлекеттен ажыратылғандығын білдірді. Діни ұйымдардың саяси мақсат-міндеттерді көздеуіне тыйым салынып, мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың олардың әрекетіне заңсыз түрде араласуына жол берілмеді. Қазақстан Республикасы мемлекеттік құрылым формасына қарай унитарлық мемлекет деп жарияланды, яғни мемлекет территориясында саяси, мәдени және т.б.

автономияның құрылуына жол берілмеді [3, 56 б.].

Құқықтық жүйедегі барлық заңдар осы Конституцияға сәйкес қабылданбаса, бұл сәйкессіздік қоғамның дамуына кедергі келтіретіндігі анық. Тәуелсіз мемлекет ретіндегі Қазақстанның алғашқы Конституциясы 1993 жылғы 28 қаңтарда қабылданды. Алғашқы Конституция болғандықтан оны талқылау кезіндегі халықтың ынта-жігері ерекше болғаны белгілі. Солай болса-дағы құжатта кеткен кемшіліктер Алғашқы Конституцияны қолдана бастағаннан-ақ көзге түсті. Онда ескі қоғамның ережелері орын алып, олар кеңестік демократиялық қағидаларға негізделгендіктен, біздің жаңа қоғамымыздың өмір талабына жауап бере алмады. Алғашқы Конституцияда адамның құқықтары, бостандықтары, оларды жүзеге асыру қағидалары, атқару билігін жүзеге асыру нысандары, басқару саласындағы демократиялық институттардың қызметі жете көрсетілмеген болып шықты.

1990 жылғы 25 қазанда қабылданған Қазақстан Республикасының Егемендігі туралы Декларацияда айтылған биліктің үш саласы: басқару, сот билігі, заң шығару биліктерінің атқаратын рөлдері бұл Конституцияда нақтыланбай қалды. Осылайша, 1993 жылғы Конституция өмір талабына сай келмегендіктен, Президент Нұрсұлтан Назарбаев жаңа Конституция қабылдау керектігі жөнінде ұсыныс жасады.

Еліміздің конституциялық дамуының төртінші кезеңі 1995 жылғы қазіргі уақыттағы қолданыстағы Конституцияның қабылдауымен басталды. Бұл Конституция КСРО-ның және Қазақ КСР-нің конституцияларына сілтемесіз жасалғандығын айта кету керек. Тек мұнда Конституцияның күшіне енген сәтте күшін жоймаған заңдар оған қарама-қайшы келмеген бөлігінде қолданылады делінген еді. Ал оны Конституцияға сәйкестендіру заң шығарушы органның міндеті болып қала берді. 1995 жылғы Конституция бойынша елімізде Президенттік басқару жүйесі енгізілді. Енді Президент билік тармақтарының қатарына кірмейтін болды. Екі палаталы Парламент бекітілді. Конституциялық сот Конституциялық Кеңеске өзгертілді.

Бұл Конституцияны қабылдау алдында оны кеңінен талқылауға мүмкіндік жасалғанын айта кету керек. 1995 жылғы Конституцияның жобасын талқылауға 3 миллионнан аса адам атсалысып, өз пікірін білдірді. Конституция жобасына 1100-ге жуық түзетулер енгізілді. Тоқсан сегіз баптың елу бесі елеулі өзгерістерге ұшырап, бұрын болмаған жаңа бөлімдер, баптар

пайда болды. Яғни, барша қазақстандықтардың белсенділігінің арқасында жаңа Ата заң өмірге келді. Конституция 1995 жылғы 30 тамызда бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданды. Оған сайлаушылардың 90.51 пайызы қатысып, олардың 89 пайызы Конституцияны жақтап дауыс берді. Осылайша, 15 жыл бұрын Қазақстанның тарихында тұңғыш рет халықтың бір ауыздан жаппай референдумды қолдап, дауыс беруінің нәтижесінде мемлекетіміздің Негізгі Заңы қабылданды [6].

«Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақ халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз!» [7], деп басталатын Ата заңымыз тәуелсіз Қазақстан Республикасының дамуына жол ашты. Осы жолдардың өзінен-ақ, еліміздің негізгі заңының әлемдік тәжірибелерді сіңіре отырып, демократиялық болашаққа бағытталғанын, әрі халықшыл жолды таңдағанын байқауымызға болады. Жаңа Конституция халық пікірінің, ойының, олардың мүддесінің заңдық көрінісі болды. Сөйтіп Қазақстан халқы Елбасымен бірге Негізгі заңды жасады.

Конституция еліміздің әлеуметтік-саяси жүйесінің, экономикасының дамуын жеделдетті, халықтың саяси белсенділігін арттырды. Заң шығарушы, атқарушы органдардың құзыретін, жұмыс істеу тетігін, өзара іс-қимылын, бірлігін заң тұрғысынан айқындап берді.

Сонымен қатар, өткен жиырма бес жылдан астам уақыт ішінде Конституция тәуелсіз мемлекетімізді құрудағы негізгі түйін болды. Осыған байланысты елімізде қоғамның тұрақтылығын, этносаралық татулықты сақтай отырып, биліктің ілгерілеушілік институттары құрылып, бекіді. Әрине, қоғам бір орында тұрмайды, ол үздіксіз дамып отыратындығы заңды. Сол себепті де Конституциямызда айқындалып, жазылғанымен әлі толық қолданысқа енгендіктен, жергілікті өзін-өзі басқару, сайлауды демократияландыру, билік тармақтарының рөлін арттыру секілді мәселелер күн тәртібіне қалқып шыққаны белгілі.

Ата Заңымызда алғашқы өзгерістер 1998 жылы бекітілген болатын. Ол Қазақстан халқының мемлекетті басқаруға қатысу белсенділігін арттыруға, еліміздің саяси жүйесін одан әрі же-

тілдіруге бағытталған еді. Саяси партиялардың тізімдері бойынша пропорционалды сайлау жүйесін енгізу осы бағытта жасалған маңызды қадам болып табылды. Қос палаталы Парламенттің Мәжілісіне депутат сайлауы кезінде жеңген саяси партияларға арнайы 10 мандат берілетін болды. Үкімет мүшелерінің депутаттық корпус алдындағы жауапкершілігін арттыру, Парламенттің өкілеттігін кеңейту, оған сайланған депутаттардың өкілеттік мерзімін төрт жылдан – Мәжіліс депутаттары үшін бес, ал Сенат депутаттары үшін – 6 жылға дейін көбейту, алқабилер институтын енгізу, т.б. қарастырылған еді [8, 78 б.].

Дей тұрғанмен, саяси тарих ауқымында 2007 жылғы конституциялық реформалар жаңа кезеңді бастады. Бұл кезеңде де бірталай жаңалықтар болғаны мәлім. Конституцияға енгізілген өзгерістерге сай Парламенттің өкілеттілігі кеңейтілді. Депутаттар саны көбейді. Мәселен, қазіргі қолданып жүрген Конституция бойынша Парламент депутаттарының саны 104-ке жетті. Мәжіліс тарайтын болса, заң шығару қызметін Сенат атқаратын болды. Депутаттарды сайлау бұрынғы можаритарлық жүйенің орнына пропорционалды жүйе бойынша жүзеге асырылатын болды. Яғни, жеңген партия Парламенттен көп дауыс алады. Қазақстан халқы Ассамблеясынан тоғыз депутат Парламентке сайланатын болды. Кейінгі Конституцияға енгізілген өзгерістерге байланысты сот кадрларын іріктеп алу Жоғарғы Сот Кеңесінің құзырына берілді. Тұтқындауға санкция беру прокуратурадан алынып, сотқа берілді. Міне, осындай демократиялық үрдістер жүргізілді.

Осы конституциялық реформалар мәселесіне біз алдағы тарауда кеңірек тоқталатын боламыз. Ал жалпы айтсақ, 2007 жылы енгізілген өзгерістердің маңыздысы мыналар болды: Президенттік мерзімді қысқарту, Парламенттің өкілеттігін кеңейту және депутаттар санын арттыру, қоғамдық ұйымдар мен партияларды ішінара мемлекеттік қаржыландыруды қамту. Саяси реформаларға сәйкес, Парламенттің, саяси партиялардың рөлі артуда. Қазақстан халқы Ассамблеясы да конституциялық мәртебеге ие болды. Сонымен бірге, Конституцияға енгізілген өзгерістер Қазақстанның саяси өмірі үшін де өте жауапты болғаны да рас. Конституциялық реформаға қатысты саяси өзгерістер үш жылдан астам уақытта талқыланып, бұған Парламентке дейінгі көптеген күштер атсалысты. Лайықты талқылау түрлері жалғасып, комиссиялар құрылды, әлемдік тәжірибе жинақталып,

соның ішінде бүгінгі Қазақстанға шақ болады-ау деген үлгі таңдалынып алынды. Қазақстандағы реформа жағдайлары өңірде, ТМД елдерінде елімізді алдыңғы қатарға шығарып, саяси жаңғыру үдерісі өз мәніне ие бола бастады. Ендігі күні қоғамның тыныштықта, тұрақтылық пен келісім аясында өркеніетті түрде одан әрі дамуына жағдайлар қалыптасты.

Қазіргі таңда мемлекетіміздің құқықтық қатынастарын реттейтін көптеген заңдар, кодекстер қабылданып, олар мемлекеттік құрылыстың өркендеуіне жұмыс істеуде.

Қазақстан Республикасының Конституциясында тек адамның, азаматтың мемлекеттік және қоғамдық құрылыстың мәртебесі ғана емес, сонымен бірге стратегиялық құқықтық идеялар да айқындалды. Атап айтқанда, Конституциядағы Қазақстан Республикасының өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет деп орнықтыратындығы туралы қағида орын тапқан. Қысқа кезеңде, бірден мұндай мемлекетке айнала кету мүмкін еместігі айқын. Алдыңғы қатарлы мемлекеттердің қалыптасуының тарихы көрсеткендей алға қойған мақсатқа жету үшін белгілі бір уақыт, табанды талап, белсенді шығармашылық іс-әрекет және ел ішіндегі ауызбіршілік қажет [9, 33 б.].

Сондай-ақ осы Конституцияда орын алған нормаларды, принциптері мен идеяларын барлық мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың, қоғамдық ұйымдардың жеке азаматтардың мүлтіксіз сақтауы, пайдалануы мен қолдануы құқық тәртібін, заңдылықты орнықтыру, адамның құқығы мен бостандығын іске асыру, әл-ауқатын жақсарту, саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімді бекітудің сөзсіз шарты болып табылады.

Бүгінде қолданыстағы осы Конституцияның арқасында қазіргі заманғы тәуелсіз мемлекеттіліктің барлық атрибуттары жасалды, оның қызмет ету принциптері айқындалды. Мемлекеттік ықпал етуге жататын, қоғамдық қатынастардың мейлінше маңызды қырларын реттейтін мол заң қоры жинақталды. Дегенмен, бұл ұлттық заңдар жүйесі түбегейлі қалыптасып болды деген сөз емес. Мұндай жағдайдың болмайтындығы анық. Бірақ ұлттық заңдардың басты параметрлері айқындалды, мемлекеттің өз қызметін атқаруына толық заңнамалық сүйеніші бар деуге болады.

Осы орайда мына бір анықты айту қажет. Конституция қазақ елінің жаңа өмірге нық басының орталық қозғалысы бола білді. Ол еліміздің мақсат-мұратын айшықтап, алға өрлеудің айқын жолын ұсынған әрі бекіткен басты

құқықтық құжат – еліміздің ережелік Бәйтерегі. Бәйтеректен бастау алған мемлекеттің басқа да заңнамалық нормалары тиісінше даму жолын нығайта түсті, осылайша құрылымы күрделі организмнің ел мүддесіне тиімді қозғалысы ұйымдастырылды.

Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.Ә. Бауырларымызға құшағымыз ашық (Дүние жүзі қазақтары құрылтайының 1992 ж. 1 қазандағы салтанатты мәжілісіндегі сөзі) // Тәуелсіздігіміздің бес жылы. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 55-57 бб.
- 2 Котов А.К. Конституционное становление Казахстана как нового независимого государства // Научные труды «Әділет». – Алматы, 1997.
- 3 Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы. Академиялық курс. – Алматы: «Жеті жарғы», 2007. – 534 б.
- 4 Баймаханов М.Т. Становление казахской государственности // В кн. Избранные труды по теории государства и права. – Алматы: АЮ-ВШП «Әділет», 2003. – 709 с.
- 5 Байжуманова А.М. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы. – Талдықорған, 2013. – 158 б.
- 6 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда қабылданған // «Параграф» ақпараттық жүйесі.
- 7 Қазақстан Республикасының Конституциясы. Түсініктеме. Жеті жарғы. – Алматы, 1999. – 122 б.
- 8 Хақ пен халық. Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылданғанына жиырма бес жыл толуына орай / Н.К. Қалиев, С.Ш. Мұсатаев, А.Н. Нүкенов, Н.Б. Сейдин. – Астана: «Қазақ интернеті» ҚБ, 2015. – 33 б.
- 9 «100 конкретных шагов» определены для реализации 5 институциональных реформ. [Электронный ресурс] – Режим доступа: <<http://www.zakon.kz/4713070-sto-konkretnykh-shagov-prezidenta.html>>.

References

- 1 Nazarbaev N.Ә. Bauryrlarymyzga qushagymyz ashuk (Dynie zhyzi kazaktary quryltajynyn 1992 zh. 1 kazandagy saltanatty mazhilisindegi sozi) // Tawelsizdigimizdin bes zhyly. – Almaty: Kazakstan, 1996. – 55-57 bb.
- 2 Kotov A.K. Konstitucionnoe stanovlenie Kazahstana kak novogo nezavisimogo gosudarstva // Nauchnye trudy «Әdilet». – Almaty, 1997.
- 3 Sapargaliev G.S. Kazakstan Respublikasynyn konstitucijalyk qykygy. Akademijalyk kurs. – Almaty: «Zheti zhargy», 2007. – 534 b.
- 4 Bajmahanov M.T. Stanovlenie kazahskoj gosudarstvennosti // V kn. Izbrannye trudy po teorii gosudarstva i prava. – Almaty: AYu-VShP «Әdilet», 2003. – 709 s.
- 5 Bajzhumanova A.M. Kazakstan Respublikasynyn konstitucijalyk qykygy. – Taldykorgan, 2013. – 158 b.
- 6 Kazakstan Respublikasynyn Konstitucijasy 1995 zhyly 30 tamyzda kabyldangan // «Paragraf» aqparattyk zhyjesi.
- 7 Kazakstan Respublikasynyn Konstitucijasy. Tysinikteme. Zheti zhargy. – Almaty, 1999. – 122 b.
- 8 Hak pen halyk. Kazakstan Respublikasy Konstitucijasyynyn kabyldanganyna zhiyrma bes zhyl toluyna oraj / N.K. Kaliev, S.Sh. Mwsataev, A.N. Nykenov, N.B. Sejdin. – Astana: «Kazak interneti» KB, 2015. – 33 b.
- 9 «100 konkretnyh shagov» opredeleny dlja realizacii 5 institucional'nyh reform. [Jelektronnyj resurs] – Rezhim dostupa: <<http://www.zakon.kz/4713070-sto-konkretnykh-shagov-prezidenta.html>>.